<p>№3-отырыс</p> <p>Тақырыбы: «Педагогтердің өздігінен білім алуы білім беру процесінің сапасын арттыру факторы ретінде»</p> <p>Мақсаты: Үлгілік жалпы білім беру бағдарламасын іске асыру контекстінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу қызметін талдау.</p> <p>Күн тәртібі:</p> <p>1. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу жұмысын ұйымдастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - педагогтердің өздігінен білім алуының жеке бағыттарының тақырыбына шолу жасау; - педагогтерді өздігінен білім алу процесінде қолдау және сүйемелдеу нысандары; - МДҰ жұмыс тәжірибесіне өздігінен білім алу нәтижелерін енгізу. <p>2. Тәрбиешілердің өздігінен білім алу тиімділігін зерделеу нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сауалнама, әңгімелесу, құжаттаманы талдау қорытындыларын ұсыну; - педагогтердің табысты тәжірибелерінің үлгілері; - өздігінен білім алу бойынша жұмысты жандандыру жөнінде қорытындылар мен ұсынымдар. <p>3. Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби конкурстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуын алдын ала талдау:</p>	<p>Ақпан</p>	<p>Әдіскер</p>

<p>- қатысу және нәтижелер туралы мәліметтерді жинақтау;</p> <p>- құзыреттілікті арттыру үшін кәсіби оқиғалардың маңыздылығын талқылау;</p> <p>- одан әрі қатысу бойынша ұсынымдар әзірлеу.</p> <p>4.Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуінің аралық мониторингінің қорытындылары:</p> <p>- топтар бойынша талдамалық деректерді ұсыну;</p> <p>- бастапқы мониторинг нәтижелерімен салыстыру;</p> <p>- түзету жұмыстарының динамикасын анықтау және жоспарлау.</p>		
<p>№4-отырысы.</p> <p>Отырысы: 2025 - 2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жұмысының нәтижелілігін талдау</p> <p>Мақсаты: МДҰ әдістемелік кеңесінің 2025 - 2026 оқу жылындағы қызметіне талдау жүргізу және жаңа кезеңге перспективалық бағыттарды айқындау.</p> <p>Күн тәртібі:</p> <p>1.Әдістемелік кеңестің 2025 - 2026 оқу жылындағы жұмысын талдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әдістемелік жұмыстың қорытындысын шығару; - жоспарланған іс-шараларды іске асырудың тиімділігін бағалау; - табысты тәжірибелер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. <p>2.Әдістемелік қызметтің келешектегі жұмыс жоспарын құру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әдістемелік қызмет мүшелерінің, ӨБ басшыларының және педагогтердің ұсыныстарын талқылау; - қызметтің басым бағыттарын айқындау; - келесі оқу жылына арналған жоспардың жобалық нұсқасын қалыптастыру. <p>3.Әдістемелік бірлестіктер басшыларының әдістемелік өнімдерінің көрмесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дидактикалық материалдар, авторлық әзірлемелер және әдістемелік ұсынымдардың тұсаукесері; - педагогтер арасында тәжірибе алмасу; - ӨБ әдістемелік белсенділік деңгейін бағалау. <p>4.Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Әдіскер</p>

<p>меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуінің қорытынды мониторингі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бастапқы және аралық мониторинг деректерімен салыстырмалы талдау; - балалардың даму динамикасы және БДК жасау туралы тұжырымдар. - білім беру процесінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар. 		
Педагогикалық қызметкерлерге арналған кеңестер		
Мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңа жарияланымдар мен баспа басылымдарының мониторингі.	Ай сайын	Әдіскер
Мектеп жасына дейінгі балаларды ҚР мемлекеттік рәміздерімен таныстыру мәселелері бойынша әдістемелік ресурстарды жүйелеу және жинақтау.	Жыл бойы	Әдіскер
МДТО МЖМБС талаптарына сәйкес заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру.	Қыркүйек	Әдіскер
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастырудың нысандары мен әдістері.	Қазан	Әдіскер
Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруіне мониторинг ұйымдастыру және жүргізу.	Қараша	Әдіскер
Кәсіби тұрғыдан қажу: себептері, белгілері және күресу жолдары.	Қаңтар	Әдіскер, психолог
Мектепке дейінгі ұйымдағы интербелсенді және цифрлық технологиялар: пайдалану формалары және интернеттегі қауіпсіздік мәселелері мен цифрлық сауаттылық.	Ақпан	Әдіскер
МДУ-ғы балаларға профилактика және түзету-дамыту жұмыстары.	Наурыз	Әдіскер, психолог, логопед, мамандар, тәрбиешілер
Мектепке дейінгі ұйымда балалармен жазғы профилактикалық, сауықтыру және білім беру жұмыстарын ұйымдастыру.	Мамыр	Әдіскер

Педагогикалық қызметкерлерге арналған семинарлар		
МДТО МЖМБС сәйкес МДҰ білім беру үдерісін жоспарлаудың заманауи тәсілдері.	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогикалық жалпыға бірдей оқыту: «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру тәсілдерінің бірлігі: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізу тәжірибесі.	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогтің құжаттамасын жүргізу: міндетті минимум және өзекті талаптар.	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс»	Қараша	Әдіскер, логопед, психолог
Симпозиум: қазіргі білім беру жүйесіндегі жобалау қызметі: мақсаттары, нысандары, нәтижелері.	Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
«Мектепке жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер»	Ақпан	Директор, әдіскер, қазақ тілі мұғалімі
Диалог алаңы: отбасымен ынтымақтастық. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету және әлеуметтік желілер арқылы тиімді байланыс орнату.	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде педагогтің ата-аналармен интербелсенді қарым-қатынасы: өзара жанжалсыз әрекеттесу этикасы мен ережелері.	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер
Мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасының дамуының шарты ретіндегі заттық-кеңістіктік ортаны даралау.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер
Жаңашыл педагогикалық технологиялар мен тәжірибелер: білім беру процесіне енгізу жолдары.		
8-тарау. МДҰ қызметінің тиімділігін мониторингтеу және талдау		
Ішкі бақылау жоспары		

Фронтальді:		
- аттестаттауға дайындық шеңберінде мектепке дейінгі ұйымның қызметін кешенді өзін-өзі бағалауы; - мектепке дейінгі топтардағы балалардың мектепке дайындығын диагностикалау.	Сәуір Мамыр	Менгеруші әдіскер тәрбиешілер
Тақырыптық:		
- тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау; - заттық-дамытушылық ортаны бағалау; - баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM-технологияларды енгізудің тиімділігі.	Қазан Желтоқсан Ақпан	Менгеруші әдіскер тәрбиешілер
Жедел:		
1.Балалардың өмірін, денсаулығын және қауіпсіздігін қорғау: - МДҰ-ғы тәрбиеленушілердің бейімделуі; - тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі талаптарды орындау; - қауіпсіздік техникасы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау; - күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларын өткізу; - сырқаттанушылықты талдау және балаларды медициналық тексеру нәтижелері.	Қыркүйек	Менгеруші әдіскер тәрбиешілер
2.Жаңа оқу жылына дайындық: - МДҰ топтар мен үй-жайлардың оқу жылының басталуына дайындығын анықтау; - материалдық-техникалық базаны нығайту; - заттық-дамытушылық ортаны жаңарту, кітап бұрыштарының мазмұны.	Қазан	
3.Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру: - білім беру бағдарламасы мен күн тәртібін жүзеге асыру; - балалармен жеке жұмысты ұйымдастыру; -тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу.	Қараша	

<p>4.СӨС дағдыларын және мәдени-гигиеналық әдеттерді қалыптастыру: -балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру; -тамақтану және жуыну кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; -серуендеуге қойылатын талаптарды сақтау; -тәрбиеленушілердің күн тәртібін сақтау.</p>	Желтоқсан	
<p>5.Отбасы және мектеппен өзара әрекеттесу: - МДҰ және бастауыш мектеп жұмысындағы сабақтастық мәселелері; - балаға тәрбие беру, дамыту және денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен ынтымақтастық.</p>	Ақпан	
<p>6.Қатысу және контингентті есепке алу: - топтарға қатысуды талдау; -келмеу себептерін анықтау және отбасылармен жұмыс.</p>	Наурыз	
<p>7.Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру: - педагогтердің біліктілігін жоғарылатуды ұйымдастыру және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру; - жас мамандарға тәлімгерлік және сүйемелдеу.</p>	Сәуір	
МДҰ білім беру процесінің сапасына ішкі мониторинг жүйесі		
Бағыт	Мерзімі	Жауапты
Цифрлық және қашықтан білім беру технологияларын пайдалану мониторингі.	Токсанына 1 рет	Меңгеруші әдіскер
Нормативтік талаптарды сақтау мақсатында балабақша сайтына мониторинг жүргізу.	Ай сайын	Меңгеруші әдіскер
Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруіне мониторинг жүргізу.	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Меңгеруші әдіскер
Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру процесін ақпараттық-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін талдау.	Токсанына 1 рет	Меңгеруші әдіскер
МДҰ топтарындағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын ұйымдастыру сапасын талдау.	Тамыз	Әдіскер

Мектепке дейінгі білім берудің МЖМБС талаптарын ескере отырып, топтардағы тәрбие жұмысының сапасына мониторинг жүргізу.	Ай сайын	Менгеруші әдіскер
Тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштерінің динамикасын бағалау (денсаулықтың жалпы көрсеткіші; көру органдары мен тірек-қимыл аппаратының сырқаттану; жарақаттанушылық көрсеткіштері).	Тоқсанына 1 рет	Мейірбике
Мектепке дейінгі ұйымның ресми сайтында ақпараттың белгіленген талаптарға сай уақтылығы және толық шығарылуын талдау.	Жыл бойы	Менгеруші әдіскер
Мемлекеттік нормативтік талаптарға сәйкес мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын ішкі өзін-өзі бағалау рәсімін жүзеге асыру және жүргізу.	Мамыр	Менгеруші әдіскер
Кормелер		
<p>«Күз сыйлары» Мақсаты: табиғат, күзгі астық туралы түсініктерді қалыптастыру, көркемдік талғам мен отбасылық шығармашылықты дамыту. Жұмыс формалары: - көкөністер, жемістер және күзгі астық жинау тақырыбындағы шығармашылық жұмыстар; - табиғи материалдан жасалған композициялар («Күзгі букет», «Себеттегі астық» және т.б.). - Ата-аналармен бірлескен жұмыстардың эко-және фотокөрмесі: - «<i>Табиғаттың әсемдігі</i>»; - «<i>Табиғаттағы бір күн</i>»; - «<i>Объективтегі күз көрінісі</i>».</p>	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
<p>«Жануарлар және олардың тіршілік ету ортасы» (экологиялық бағыт) Мақсаты: қоршаған әлем туралы түсініктерді қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру. Жұмыс формалары: - жабайы және үй жануарлары тақырыбына суреттер мен қолөнер; -экожүйелер, табиғи аймақтар мен қорықтар туралы шағын зерттеулер және танымдық жобалар; - ата-аналармен бірге экологиялық десанттар және акцияларға қатысу (учаскелерді жинау,</p>	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер

ағаш отырғызу және т.б.).		
<p>«Мир фантазий» Мақсаты: қиялды, шығармашылықты және дәстүрден тыс ойлауды дамыту. Жұмыс формалары: - фантастикалық жаратылыстар, сиқырлы әлемдер және шытырман оқиғалар тақырыбындағы шығармашылық жобалар; - ерекше материалдар мен көркемдік әдістерді қолдану (мысалы, коллаж, пластилинография, түзбен сурет салу және т.б.).</p>	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
<p>«Біз – қолөнер шеберлеріміз» (ата-аналармен бірге) Мақсаты: ұсақ моториканы, эстетикалық талғамды, қолөнер мен отбасылық дәстүрлерге қызығушылықты дамыту. Жұмыс формалары: - маусымдық қолөнер: ақша қар, көктемгі гүлдер, күзгі жапырақтар және т.б.; - мерекелік әшекейлер: жаңа жыл ойыншықтары, Рождество мерекесіне арналған композициялар, Аналар күніне арналған ашық хаттар; - дәстүрлі қолөнер: кесте тігу, тоқу, өру, ұлттық мәдениетті көрсететін қуыршақтар жасау; - экологиялық қолөнер: қайта өңделген материалдардан, қағаздан, матадан, табиғи материалдан.</p>		
<p>«Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: сөйлеуді, қиялды, оқуға қызығушылықты және ертегі шығармашылығын дамыту. Жұмыс формалары: - сүйікті ертегілер мен мультфильмдерге негізделген иллюстрациялар және қолөнер; - әртүрлі әдістерді қолдана отырып, ертегі сюжеттерінен кейіпкерлер мен көріністер жасау (жапсырма, мүсіндеу, театрландыру); - отбасылық бейнежобалар: сахналау, үйдегі қойылымдар, шығармашылық презентациялар.</p>		
<p>Мерекелер мен дәстүрлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балалардың әртүрлі мерекелерге арналған шығармашылық жұмыстарының (қолөнер) көрмесі: Жаңа жыл, Наурыз, туған күн және т.б.; 	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер

<ul style="list-style-type: none"> • салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерттеу және бейнелеу; • ата-аналарды тарта отырып, мектеп, кітапхана және театрмен бірлескен іс-шаралар өткізу. 		
Конкурстар ұйымдастыру: - «Балалар және жол» үздік суреті; - «Балалар және бағдаршам» фотобайқауы; - «Балабақшаға барар жолдағы қауіпсіздік» бейнелі сюжеті.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер
Жобалау қызметі		
«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жастыңдаушы» жобалары аясындағы балалар кітапханасы.	Жобалау қызметі	Қыркүйектің 2-аптасы
«Әжемнің ертегілері»	Жобалау қызметі	Наурыздың 4-аптасы
«Табиғатты сақтайық!»	Жобалау қызметі	Мамырдың 3-аптасы
Кітап калейдоскопы	https://bilimkids.kz/steam/102?l=7	Мерзімі педагогтің таңдауына қарай анықталады
Эко жоба: су кереметі 1-бөлім Эко жоба: су кереметі 2-бөлім Эко жоба: су кереметі 3-бөлім	https://bilimkids.kz/steam/113?l=7 https://bilimkids.kz/steam/114?l=7 https://bilimkids.kz/steam/115?l=7	
Болашақ мамандық	https://bilimkids.kz/steam/99?l=7	
LEGO әлемі: өз армандарымызды құрастырамыз	https://bilimkids.kz/steam/100?l=7	
Менің үлгілдек достарым немесе балабақшадағы үй жануарларының шытырман оқиғасы / немесе	https://bilimkids.kz/steam/118?l=7	
«Біз бауырымызға басқанымыздың бәрі үшін жауаптымыз» Антуан де Сент-Экзюпери		

Ғарыш	https://bilimkids.kz/steam/109?l=7	
Ертегідей баурайтын: «Үлкен сахнадағы кішкентай актерлер»	https://bilimkids.kz/steam/119?l=7	
Самокат мектебі	https://bilimkids.kz/steam/112?l=7	
9-тарау. Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысын ұйымдастыру		
Анамнез жинау және дамудың жеке ерекшеліктерін анықтау мақсатында тәрбиеленушілердің медициналық және психологиялық-педагогикалық құжаттамасын талдау.	Тамыз – қыркүйек	Мамандар
Жаңадан келген тәрбиеленушілердің бейімделу кезеңінің барысын талдау.	Қыркүйек – қазан	Педагог-психолог:
Оқу жылының басында және соңында тәрбиеленушілердің кешенді психологиялық-педагогикалық (оның ішінде логопедиялық) диагностикасын ұйымдастыру және жүргізу.	Қыркүйек – сәуір	Педагог-психолог: тәрбиешілер
Білім беру бағдарламасын меңгеру және әлеуметтік бейімделу процесінде қиындықтарға тап болған балаларды анықтау.	Желтоқсан – наурыз	Логопед:
Түзету-дамыту жұмысының тиімділігін бағалау үшін кезеңдік диагностика жүргізу.	Қыркүйек – сәуір	Мамандар
Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу		
Ағымдағы оқу жылында мектепке дейінгі ұйымға жаңадан түскен тәрбиеленушілерді психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру.	Оқу жылының ішінде	Педагог-психолог:
Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі бағыттар бойынша тәрбиеленушілермен түзету-дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу.	Оқу жылының ішінде	Мамандар
Психологиялық-педагогикалық диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша ата-аналар мен педагогтерге жеке кеңес беру.	Оқу жылының ішінде	Мамандар
Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымның жағдайына бейімдеу қиындықтарын жеңу мәселелері бойынша ата-аналар үшін жеке	Оқу жылының ішінде	Педагог-психолог:

және топтық консультациялар өткізу.		
10-тарау. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс		
1. Персоналмен келесі бағыттар бойынша нұсқамалар ұйымдастыру және өткізу: - тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар дайындау және өткізу; - қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша нұсқамалар; - террористік актілердің алдын алу шаралары және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар бойынша нұсқама жүргізу.	Жыл бойы	Меңгеруші
2. Өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау мәселелері бойынша нұсқаулықтар мен жаднамаларды әзірлеу және ресімдеу.	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	Меңгеруші
3. Өрт шыққан жағдайда қызметкерлер мен тәрбиеленушілерді эвакуациялау бойынша практикалық жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу.	Тоқсанына 1 рет	Меңгеруші
4. Мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіздік ақпараттық бұрышын безендіру және жанарту.	Қыркүйек	Меңгеруші
5. Террористік актіге қауіп төнген немесе жасалған жағдайда қызметкерлер мен тәрбиеленушілерді эвакуациялау бойынша практикалық жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу.	Жылына 2 рет	Меңгеруші
6. Тәрбиеленушілермен терроризмнің алдын алу және төтенше жағдайларда қауіпсіздік сақтау мәселелері жөнінде профилактикалық әңгімелесуді мерзімді түрде ұйымдастыру және өткізу.	Педагогтердің жоспарлары бойынша	Тәрбиешілер
7. Тәрбиеленушілермен жол-көлік оқиғаларында жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу.	Жылдық жоспар бойынша	Тәрбиешілер
8. Тәрбиеленушілермен өрт қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру.	Жыл бойы	Тәрбиешілер

9. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен өртке қарсы нұсқаулау өткізу.	Жарты жылда 1 рет	Менгеруші шар.меңгер
10. Мектепке дейінгі ұйымның аумағына күтім жасау, оның ішінде: - жасыл желектерді сугару; - арамшөпті жою; - көгалды қырку және бұталарды пішіндеу; - қураған ағаш пен өсімдік қалдықтарын уақтылы жинауды бақылау.	Жазғы кезеңде	шар.меңгер сыпырушы
11. Мектепке дейінгі ұйымның аумағын абаттандыру, оның ішінде келесі іс-шаралар: - балалар құмсалғыштарына құм әкелу және жаңарту; - гүлзарлар жасау және безендіру; - көгал шөбін отырғызу және учаскені көгалдандыру.	Мамыр	шар.меңгер сыпырушы
12. Құмды күнделікті өңдеу.	Күнделікті	шар.меңгер Мейірбике
13. Мектепке дейінгі ұйым аумағында шағын сәулет нысандарын, орындықтар мен көше жабдықтарын бояу жұмыстарын жүргізу.	Қажетіне қарай	Шар.меңгер:
14. Мектепке дейінгі ұйымның үй-жайларын косметикалық жөндеу бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.	Маусым – тамыз	Шар.меңгер
15. Мектепке дейінгі ұйымның аумағында серуендеу учаскелерін үнемі тексеріп отыру және аумағы мен ғимаратының ішіндегі спорттық жабдықтардың жай-күйін тексеру.	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	Комиссия
16. Қысқы кезеңде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және орындау, оның ішінде: мектепке дейінгі ұйымның аумағынан қарды жинау және шығару; - мұздап қалған жолдарға құм немесе құм-тұз қоспасын себу; - ғимараттардың карниздеріне қатқан мұзды алып тастау; - жаяу жүргіншілер жолдары мен алаңдардан мұзды ойып алып тастау; - ғимараттардың көлбеу шатырларынан қарды газарту.	Суық кезеңде	шар.меңгер
17. Жылу торабын жаңа жылыту маусымына дайындау жөнінде жұмыстар жүргізу.	Маусым – қыркүйек	шар.меңгер

Қауіпсіздік талаптарына сәйкес электр сымдарының окшаулау кедергісін өлшеу.		
18. Жуу және тазалау құралдарын сатып алу.	Тоқсанына 1 рет	шар.меңгер
19. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтық үй-жайларда жиһазды таңбалауды жүргізу және жиһаз бен мүкәммалды орналастыруды ұйымдастыру.	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	Тәрбиешілер
20. Мектепке дейінгі ұйымдағы өрт қауіпсіздігінің жай-күйін талдау. Өртке қарсы жай-күйі үшін жауапты адамдарды тағайындау жөніндегі құжаттаманы жаңарту және өртке қарсы іс-шаралар жоспарын жасау.	Тамыз	Меңгеруші шар.меңгер
21. Қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі құжаттаманы жаңарту	Қыркүйек, қаңтар	Меңгеруші шар.меңгер еңбекті қорғау бойынша жауапты
22. Тәрбиеленушілердің жас және білім беру қажеттіліктеріне сәйкес заттық-кеңістіктік дамытушы орта құруды және қолдауды қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Меңгеруші шар.меңгер
Әкімшілік-шаруашылық бақылау кестесі		
Шар.меңгерушісімен келесі бағыттар бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыру: - персоналдың жеке бас гигиенасы ережелерін сақтауын бақылау; - мектепке дейінгі ұйымның топтық үй-жайларының, ас блогі, фойесі және басқа да шаруашылық объектілерінің санитарлық жағдайын қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Шар.меңгер., мейірбике, шар.меңгер.
Тәрбиешінің көмекшілерімен келесі бағыттар бойынша нұсқаулық-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың негізі ретінде дезинфекциялық режимді сақтау; - балалар мен қызметкерлердің жеке бас гигиенасы ережелерін сақтауын бақылау; - МДҰ топтарында және аумағында қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын орындау; - топтағы тәрбиешінің көмекшісінің функционалдық міндеттерін нақтылау;	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике, шар.меңгер.

- тәрбиешінің көмекшісінің жазғы режимді ұйымдастыруға қатысуы.		
Ас блогі қызметкерлерімен келесі бағыттар бойынша нұсқаулық және санитарлық-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру: - жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау және санитарлық киімді міндетті түрде ауыстыру; - тамақтан уланудың алдын алу (пайда болу себептері, алдын алу шаралары); - бекітілген нормалар мен рецептураларға сәйкес тағам дайындау технологиясын сақтау; - қолданыстағы талаптарға сәйкес ас блогінің санитарлық жағдайын сақтау; - тамақ өнімдерін сақтау ережелері және оларды тарату мерзімдерінің сақталуын бақылау.	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике, шар.меңгер.
Күзет және қызмет көрсетуші персоналмен (күзетшілер, тазалаушылар) келесі бағыттар бойынша жұмысты ұйымдастыру: - мектепке дейінгі ұйым аумағында бақылау-өткізу режимін сақтау; - өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын орындау; - аумақты қардан уақтылы тазарту және қыс мезгілінде жолдарға құм себу; - тротуарлар мен аумақтарды қоқыстардан, жапырақтардан және басқа да ластанудан тазарту; - жазда бұталарды санитарлық кесу және құмсалғыштардың құмын ылғалдандыру.	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике, шар.меңгер.
Ұйымдастыру-басқару қызметі		
Басшының кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі қызметі.	Жыл бойы	Меңгеруші
Мектепке дейінгі ұйым жұмысының 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарын анықтау.	Тамыз	Меңгеруші
Тәрбиешілерді кешенді талдау нәтижелерімен таныстыру және проблемалық аймақтарды нақты белгілеу.	Тамыз	Меңгеруші, педагогтер
Өткізу: - әкімшілік кеңестер; - жұмыс жоспарламалары, - педагогикалық кеңестер, - ақпараттық-талдамалық қызметтің	Жыл бойы	Меңгеруші, педагогтер әдіскер,

нұсқамалары мен басқа да нысандары.		
МДҮ сайтының жұмысын кешенді техникалық қолдау және сүйемелдеу үшін шарт жасау.	Қыркүйек	Меңгеруші
Қызметкерлерді алдын ала және мерзімді медициналық тексеруді (тексеруді) ұйымдастыру.	Қыркүйек	Меңгеруші
Материалдық-техникалық базаны түгендеуді жүргізу.	Қазан – қараша	Меңгеруші, түгендеу комиссиясы
Алдағы күнтізбелік жылға арналған сатып алудың кесте-жаспарын құру.	Желтоқсан	Меңгеруші, бухгалтер
Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025- 2026 оқу жылындағы жұмысының қорытындысын шығару, атқарылған жұмысты өздік талдау, білім беру ұйымын бағалау бойынша есеп дайындау.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
Мектепке дейінгі ұйымда санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар		
Мердігер ұйымдармен жұмыстар және қызметтердің мынадай түрлерін орындауға шарттар жасасуды қамтамасыз ету: - люминисцентті шамдарды кәдеге жарату; - төсек-орын жабындары мен сүлгілерді сатып алу; - балалар құм жәшіктеріндегі құмды ауыстыру; - дератизация және дезинсекция бойынша іс-шаралар өткізу.	Қараша	Меңгеруші, шар.менгер.
Өндірістік бақылау бағдарламасының профилактикалық және зертханалық іс-шараларын іске асыруды қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Меңгеруші, шар.менгер.
Меңгерушінің жанындағы кеңес		
1. Ағымдағы айға арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту. 2. Кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау талдау туралы ақпарат. 3. Тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтануын ұйымдастыруды бақылау жоспарын бекіту. 4. Төтенше жағдайларда эвакуациялау жоспарына нұсқау беру және тәжірибеде пысықтау. 6. Өткен айда тәрбиеленушілер арасындағы	Қыркүйек (соңғы бейсенбі)	Меңгеруші, мейірбике

сырқаттанушылық деңгейін талдау.		
<p>1. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, көпбалалы отбасылардан шыққан тәрбиеленушілердің есебін жүргізу.</p> <p>2. Мектепке дейінгі ұйымда баланы бағу үшін ата-анадан төлемнің уақтылы және дұрыс төленуін бақылау.</p> <p>3. Сыйлық алу тәртібі, оны алуға болмайтынын, сондай-ақ парақорлық пен делдалдық үшін жауапкершілікке тартылатыны туралы хабардар ету.</p> <p>4. Мектепке дейінгі ұйымды күзгі-қысқы кезеңге дайындау жөніндегі іс-шаралар.</p> <p>5. Жиһазды таңбалаудың санитарлық және техникалық талаптарға сәйкестігін тексеру.</p>	Қазан (соңғы бейсенбі)	Меңгеруші
<p>1. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйін талдау.</p> <p>2. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауын бақылау.</p> <p>3. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бағалау.</p> <p>4. Тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтану сапасын ұйымдастыру және бақылау.</p>	Қараша (соңғы бейсенбі)	Меңгеруші
<p>1. Мектепке дейінгі ұйымдағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары және жай-күйі туралы.</p> <p>2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесін бекіту.</p> <p>3. Қызметкерлердің демалыс кестесін құру және келісу.</p> <p>4. Тоқсан ішінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылық деңгейін талдау.</p>	Желтоқсан (соңғы бейсенбі)	Меңгеруші
<p>1. Мектепке дейінгі ұйымның іс номенклатурасын қарау және бекіту.</p> <p>2. Топтардағы педагогикалық және әкімшілік құжаттаманы жүргізу жағдайын талдау.</p> <p>3. 2025 жыл қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына шолу.</p> <p>4. Мектепке дейінгі ұйымның I жартыжылдық – оқу жылындағы жұмысының қорытындысын шығару.</p>	Қаңтар (соңғы бейсенбі)	Меңгеруші

<p>1. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі туралы.</p> <p>2. Кешенді талдау: бір айдағы аурушандық деңгейі, тамақтанудың табиғи нормаларын орындау, ЖРВИ, тұмау және жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары.</p> <p>3. Наурыз мерекелеріне орайластырылған салтанатты іс-шараларға дайындық туралы.</p>	<p>Ақпан (соңғы бейсенбі)</p>	<p>Меңгеруші</p>
<p>1. Балалар арасында және өндірістік жаракаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның қызметі туралы.</p> <p>2. Педагогикалық қызметкерлердің білім беру қызметін жоспарлау сапасын талдау.</p> <p>3. Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу.</p> <p>4. Есепті тоқсандағы тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылықты талдау.</p>	<p>Наурыз (соңғы бейсенбі)</p>	<p>Меңгеруші, мейірбике</p>
<p>1. Мектепке дейінгі ұйымда тамақтанудың табиғи нормаларын сақтауды талдау.</p> <p>2. Білім беру ортасында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау туралы.</p> <p>3. Тәрбиеленушілердің қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы.</p> <p>4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық бойынша іс-шаралар.</p>	<p>Сәуір (соңғы бейсенбі)</p>	<p>Меңгеруші, мейірбике, шар.меңгер., дене шынықтыру (жүзу) жөніндегі нұсқаушысы</p>
<p>1. Жазғы кезеңге арналған жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарын бекіту.</p> <p>2. Жазғы жұмыс режимі жағдайында топтарды кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау.</p> <p>3. Мектепке дейінгі ұйымдағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау.</p> <p>4. Жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.</p>	<p>Мамыр (соңғы бейсенбі)</p>	<p>Меңгеруші</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуі</p>		
<p>Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің бекітілген тарифтеуін сайтқа шығару.</p>	<p>Қыркүйек</p>	<p>Меңгеруші</p>
<p>ҰБДҚ-ғы деректер базасын жаңарту (Ұлттық білім беру деректер қоры).</p>	<p>Қыркүйек</p>	<p>Меңгеруші, әдіскер</p>
<p>Баланың даму мониторингін жүзеге асыру</p>		<p>Меңгеруші, әдіскер</p>

(педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігін бағалаумен байланысты және оларды одан әрі жоспарлаудың негізінде жатқан баланың жеке дамуын бағалау).	01.09-20.09	
Мектепке дейінгі ұйымның ресми сайтының жұмысын ұйымдастыру (ақпаратты уақтылы жаңарту).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
Еңбек ұжымының жалпы жиналысы		
<p>1 Еңбек ұжымының №1-жалпы жиналысы Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылындағы қызметінің негізгі бағыттары» Күн тәртібі: 1. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері. 2. Педагогтердің және басқа қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары. 3. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ағымдағы нұсқаулау. 4. «Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің террористік акт кезіндегі жүріс-тұрысы мен іс-әрекеттері» нұсқамасы. 5. Бұйрықтармен танысу. 6. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі комиссияны таңдау. 7. 2026 жылға арналған демалыс кестелерін бекіту. 8. Бұйрықтармен танысу.</p>	Қыркүйек	Меңгеруші
<p>2 Еңбек ұжымының №2-жалпы жиналысы Тақырыбы: «Әкімшілік пен еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарттың орындалу барысының қорытындылары» Күн тәртібі: 1. Оқу жылындағы жұмыс нәтижелері. 2. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау; 3. Терроризмге қарсы қауіпсіздікті сақтау. 4. Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін орындау. 5. Жұмыс кестесін орындау.</p>	Желтоқсан	Меңгеруші
<p>3 Еңбек ұжымының №3-жалпы жиналысы Тақырыбы: «МДҰ 2025/2026 оқу жылындағы жұмысының нәтижелілігі. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту» Күн тәртібі: 1. Жазғы сауықтыру жұмыстарына</p>	Мамыр	Меңгеруші

<p>дайындық туралы.</p> <p>2. МДҰ қызметкерлердің еңбегін қорғауды және балалардың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.</p> <p>3. Жаңа оқу жылына дайындық, жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы.</p> <p>4. Бірлескен іс-шараларды өткізу, МДҰ қызметіне жәрдемдесу үшін қосымша қаржыландыру көздерін тарту.</p> <p>5. МДҰ ғимаратын, үй-жайларын, аумағын зерттеу нәтижелерімен танысу.</p>		
Ата-аналар кеңес отырысының жоспары		
<p>1 №1-отырыс</p> <p>Тақырыбы: «Қолданыстағы заңнама жағдайындағы мектепке дейінгі ұйым».</p> <p>Күн тәртібі:</p> <p>1. Қамқоршылық кеңестің міндеттері және функцияларымен танысу.</p> <p>2. Міндеттерді бөлу, төраға мен хатшыны сайлау.</p> <p>3. МДҰ қамқоршылық кеңесінің 2025- 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту.</p> <p>4. «2025- 2026 жылғы оқу жылына дайындық қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама.</p>	Қыркүйек	МДҰ ата-аналар төрағасы
<p>2 №2-отырыс.</p> <p>Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның келешегі және даму жолдары»</p> <p>Күн тәртібі:</p> <p>1. «Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 тақырыбы бойынша жария баяндама.</p> <p>2. Әртүрлі.</p>	Мамыр	МДҰ ата-аналар төрағасы төрағасы
Ата-аналардың жалпы жиналысы		
<p>1 Ата-аналардың №1-жалпы жиналысы</p> <p>Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы» мектепке дейінгі ұйымның презентациясы</p> <p>Күн тәртібі:</p> <p>1. «МДҰ 2025-2026 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама.</p> <p>2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделі: отбасымен қарым-қатынастың жаңа</p>	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер

	төсілдері. 3. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру. 5. Басқалары.		
2	Ата-аналардың №2-жалпы жиналысы Тақырыбы: «Ақпараттық шоуу парағы» Күн тәртібі: 1. Өткен оқу жылындағы жетістіктеріміз бен табыстарымыз (әр жас тобында). 2. Мектеп жасына дейінгі балалармен түзету және дамыту жұмыстарының тиімді тәжірибелері. 3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике
Топтардағы ата-аналар жиналысы			
1	№1-жиналыс (кіріспе). Күн тәртібі: 1. «Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау». 2. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру. 3. Ата-аналар комитетін таңдау. 4. Әртүрлі.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	№2-жиналыс. Күн тәртібі: 1.«Балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру арқылы мектепке дейінгі ұйымда және үйде әлеуметтік-коммуникативтік дамыту үшін жағдай жасау». 2. Жаңа жылдық ойын-сауықты ұйымдастыру және өткізу. 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың аралық мониторингінің қорытындылары. 4. Әртүрлі.	Желтоқсан	Тәрбиешілер
3	№3-жиналыс. Күн тәртібі: 1. «Отбасымен өзара әрекеттесу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бойында саламатты өмір салты құндылықтарын тәрбиелеу». 2. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. 3. Баланың даму картасы қалай жасалады?	Ақпан	Тәрбиешілер

	БДК туралы ақпарат беру. 4. Әртүрлі.		
4	№4-жиналыс. Күн тәртібі: 1. «Баланың цифрлық ортадағы қауіпсіз және саналы мінез-құлқы». 2. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді зиянды ақпарат таратудан қорғау мәселелері бойынша кеңес беру. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғаудың құқықтық және педагогикалық аспектілері». 3. «Мектепалды топ балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері». 4. Әртүрлі.	Мамыр	Тәрбиешілер
Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру			
1	Консультациялық пункт туралы ережені әзірлеу және бекіту: мақсаттары, міндеттері, қызмет бағыттары.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2	Консультациялық пунктті іске қосуды ақпараттық сүйемелдеу: - МДҰ стендіне ақпарат шығару; - Instagram, Facebook, Telegram әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдар; - МДҰ сайтындағы ақпарат.	Қыркүйек	Меңгеруші
3	МДҰ сайтында онлайн-консультацияларға, әдістемелік материалдарға қол жеткізу мүмкіндігі бар «Виртуалды консультациялық пункт» ашу.	Тоқсанына 1 рет	Меңгеруші, әдіскер
4	МДҰ сайтында «Сұрақ-жауап» айдарын құру және жүргізу (мамандар ата-аналардың кезекті сұрақтарына жауап береді).	Тұрақты	Меңгеруші
5	Ата-аналар үшін күндізгі және қашықтан консультациялар өткізу кестесін жасау, оның ішінде: - бейімделу және тәрбиелеу мәселелері бойынша (педагог-психолог); - сөйлеуді дамыту мәселелері бойынша (мұғалім-логопед); - денсаулық және тамақтану мәселелері бойынша (медицина қызметкері); - оқыту және әлеуметтендіру мәселелері бойынша (тәрбиеші, әдіскер).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, мамандар

6	Ата-аналардың, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-анасының сұраныстары бойынша мамандардың жеке және топтық консультациялар өткізуі.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, мамандар
7	МДҰ-ға бармайтын балалар мен ата-аналарына арналған «Ашық есік күндерін» ұйымдастыру: - МДҰ ішіне экскурсиялар; - сынақ іс-әрекеттері; - педагогтер және мамандармен кездесулер.	Қазан – мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мамандар
8	МДҰ сайтына ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдарды шығару: - ұсақ моториканы, сөйлеуді, зейінді дамыту; - үйде күн тәртібін ұйымдастыру; - денсаулықтың және даму бұзылыстарының алдын алу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, мамандар
9	Ата-аналарға сауалнама жүргізу: 1. Білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану; 2. МДҰ-мен өзара әрекеттесу және іс-шараларға қатысу деңгейі.	Мамыр	Әдіскер
10	Консультациялық пункт жұмысының қорытындысын шығару: - өтініштерді талдау; - пікірлер жинау; - келесі жылға жоспарлау.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Терроризмге қарсы қорғалу жоспары			
1	Ғимараттарды, аумақтарды, осал жерлер мен сыни элементтерді, жерасты коммуникациялары жүйелерін, автомобиль көлігі тұрақтарын, қойма үй-жайларын мерзімді қарап-тексеруді жүргізу: - ғимарат пен аумақ бойынша бағдарлардың сызбаларын әзірлеу; - ғимарат пен аумақты аралау және тексеру кестесін жасау.	Қыркүйек	Терроризмге қарсы қорғалу үшін жауапты
2	Жауапты қызметкерлерді төтенше қызметтердің телефондарымен таныстыру.	Қыркүйек	
3	МДҰ қызметкерлерін қауіп төнген немесе террористік акт жасалған жағдайда орындалу керекті әрекеттер туралы	Қазан	

	оқытудан өтуін қамтамасыз ету.		
4	Білім беру процесі кезінде ғимараттарға кіру есіктерінің барлығы ішінен құлыптап жабылатын құрылғылармен қамтамасыз етілуі.	Жыл бойы	
5	Инженерлік-техникалық құралдар мен күзет жүйелерін жарамды күйде ұстауды қамтамасыз ету.	Жыл бойы	
6	Қызметкерлермен бірге терроризмге қарсы нұсқаулықтар жүргізу.	Жыл бойы	
7	Күзет ұйымының өкілдерімен аптасына кемінде бір рет ақпарат алмасуды қамтамасыз ету.	Жыл бойы	
8	Күдікті тұлғалар немесе заттар табылған кезде қызметкерлер мен өзге де адамдардың іс-қимыл тәртібі, террористік шабуыл жасау қаупі немесе жасалуы туралы ақпарат келіп түскен кезде әрекет ету туралы көрнекі құралдарды стендтерге толтырып қою.	Жыл бойы	
Өрт қауіпсіздігі жоспары бойынша			
1	Қызметкерлермен бірге өртке қарсы нұсқаулық өткізу.	Қыркүйек және қажетіне қарай	Өрт қауіпсіздігіне жауапты
2	Өрт қауіпсіздігі бойынша құжаттардың бар-жоғын тексеру. Қажет болған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкестікке келтіру.	Тоқсанына 1 рет	
3	Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарларын өзектендіру.	Қыркүйек	
4	Тыныс алу және көру органдарын өрттен қорғаудың жеке құралдарын тексеру (механикалық зақым жоқтығын).		
5	Өрт сөндіргіштерді тексеруді және қайта толтыруды ұйымдастыру.	Нұсқаулыққа сәйкес	
6	Өрт қауіпсіздігі бұрышындағы өрт қауіпсіздігі іс-шаралары туралы ақпаратты жаңарту.	Қажетіне қарай	
7	Өрт кезінде эвакуациялау бойынша жаттығулар өткізу.	ӨҚ жоспарына сәйкес	

8	Тәрбиеленушілерге өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту бойынша іс-әрекеттер жоспарларын іске асыру.	Жыл бойы	
---	---	----------	--

Ата-аналарға арналған консультациялар			
№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері Мақсаты: ересектерде әртүрлі жастағы балалардың әрқелкі мүмкіндіктері мен қажеттіліктері бар екендігі туралы түсінік қалыптастыру. Тақырыптар: «3 жасқа дейінгі психоэмоционалды және физикалық даму кезеңдері», «Жүйке жүйесінің, реакциялардың, ұйқының, тамақтанудың және мінез-құлықтың ерекшеліктері», «Қалыпты және қауіпті белгілер».	Жыл бойы	Менгеруші әдіскер педагогтер
2	«Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту». Мақсаты: қарапайым әрекеттер мен орта арқылы маңызды дағдыларды қалай қалыптастыруға болатынын көрсету. Тақырыбы: «Сүйіспеншілік пен сенімділікті ескере отырып тәрбиелеу принциптері», «Ойынның жетекші іс-әрекет ретіндегі маңызы», «Моториканы, зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамытуға арналған жаттығулар».		
3	Дамудағы ауытқулардың алдын алу Мақсаты: бұзушылықтарды ерте анықтау және алдын алу. Тақырыптар: «Көрнекі және мінез-құлық скринингі», «Ата-аналар мен мамандардың рөлі», «Жүйкенің тұрақтылығы мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін баланы қолдау».		
4	Балаларды әлеуметтендіру Мақсаты: ата-аналар мен тәрбиешілерге		

	<p>бала өзін топтың бір бөлігі ретінде сезінуіне көмектесуді үйрету.</p> <p>Тақырыптар: «Алғашқы әлеуметтік дағдылар қалай қалыптасады?», «Ересектердің балалар арасындағы қарым-қатынасындағы делдалдық рөлі», «Қақтығыстар және оларды шешу қабілеті».</p>		
5	<p>Баланың сөйлеуін дамыту</p> <p>Мақсаты: сөйлеуді дамыту нормалары және оны ынталандыру әдістерімен таныстыру.</p> <p>Тақырыптар: «Сөйлеуді қалыптастыру кезеңдері», «Сөздікті, фразалық сөйлеуді, артикуляцияны дамытуға арналған ойындар мен әдістер», «Маманға қашан жүгіну керек?»</p>		
6	<p>Балабақшаға келген кезде балаларды бейімдеу.</p> <p>Мақсаты: күйзеліс деңгейін төмендету және бірқалыпты ауысу үшін жағдай жасау.</p> <p>Тақырыптар: «Бала мен отбасын жаңа жағдайларға қалай дайындау керек?», «Режимнің, қарым-қатынастың және рәсімдердің рөлі», «Бейімделу кезеңін эмоционалды сүйемелдеу».</p>		
7	<p>Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру</p> <p>Мақсаты: ойын арқылы тұлғаның қалай дамитынын түсіндіру.</p> <p>Тақырыптар: «Ойын түрлері: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, қимылды», «Үйде дамытушы ортаны қалай жабдықтау керек?», «Еркін ойын көптеген дамытушылық әрекеттерден неге маңыздырақ?»</p>		
8	<p>Балалардың тамақтануын ұйымдастыру</p> <p>Мақсаты: ерте жастан бастап тамақтану мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Тақырыптар:</p>		

	«Үйлесімді мәзір принциптері», «Артық тамақтану мен аз тамақтанудың зияны», «Аллергия, анемия, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы және т.б. кезіндегі тамақтану».		
9	Ұйымның қызметтері туралы ақпарат беру. Мақсаты: ата-аналардың өздеріне қолжетімді көмек туралы хабардарлығын арттыру. Тақырыптар: «ПМПК, ППСҚ, психологтер, логопедтер, дефектологтер қызметтері, «Әлеуметтік бағдарламалар, жеңілдіктер, ертеден көмек беру орталықтары», «Өтініш алгоритмі: қайда және қалай өтініш беру керек, құжаттар».		
Ашық есік күндері			
	«Балабақша мен отбасы: бірге өсеміз!» Мақсаты: бірлескен іс-шаралар арқылы ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.	Күзгі	Менгеруші, әдіскер, Ата-аналар мүшелері
	«Бала, отбасы және балабақша – біртұтас білім беру кеңістігі» Мақсаты: ата-аналарды білім беру процесіне тарту және серіктестікті дамыту.	Қысқы	Менгеруші, әдіскер, Ата-аналар мүшелері
	«Есіктерді ашамыз – жүректерді қосамыз!» Мақсаты: МДҰ мен тәрбиеленушілердің отбасылары арасындағы ынтымақтастықтың жылы және ашық атмосферасын қалыптастыру.	Көктемгі	Менгеруші, әдіскер, Ата-аналар мүшелері
Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы сабақтастық жоспары			
1. Әдістемелік жұмыс			
	Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп жұмысындағы сабақтастықты іске асыру жөніндегі жоспарды келісу және бекіту.	Қыркүйек	Әдіскер, МДҰ мен мектептің педагогтері

«Балаларды мектепте оқуға дайындау» тақырыбында тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған әдістемелік және педагогикалық әдебиеттердің тақырыптық көрмесін ұйымдастыру. Ұсынылған әдебиеттер тізімін мектепке дейінгі ұйымның виртуалды кеңес беру пунктiнiң бөлiмiне шығару.	Қазан	Тәрбиешілер
Мектепке дейінгі топтардың балаларының мектепке дайындығына диагностика жүргізу.	Қаңтар	Педагог-психолог
«Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен тәрбиешілерінің балаларды мектепте оқуға дайындау үшін өзара әрекеттесуінің тиімділігі» тақырыбындағы педагогикалық консилиум.	Ақпан	Педагог-психолог, әдіскер
2. Ата-аналармен жұмыс		
«Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың жас ерекшеліктері және мектепте оқуға сәтті дайындалу шарттары». «Баланың мектепке дайындығын қамтамасыз етудегі отбасы мен балабақшаның бірыңғай мақсаттары». «Мектепалды топ балаларының білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін талдау».	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер
Ата-аналарға арналған виртуалды экскурсия – мектептің жұмысымен танысу.	Сәуір	Мектеп әкімшілігі және педагогтері
Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес беру.	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог
3. Балалармен жұмыс		
Балалардың мектепке экскурсиялары: • мектеппен танысу; • кітапханамен танысу; • дене тәрбиесі залымен танысу; • асханамен танысу.	Наурыз – сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері

	Мектепалды топ балаларының бастауыш мектеп мерекесіне баруы.	Сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
	<p>Балалардың, педагогтердің және ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экологиялық акциялар және практикалық іс-әрекеттер (ағаш отырғызу, аумақты жинау, «Жасыл аула» жобаларына қатысу және т.б.); - мұражайларға, кітапханаларға, табиғатқа, саябаққа, жергілікті маңызы бар кәсіпорындар мен объектілерге экскурсиялар; - отбасымен көркем және танымдық әдебиеттерді оқу және кейіннен талқылау (оқырман мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жобалар шеңберінде); - балалардың бойында мейірімділік, эмпатия және әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу мақсатында әлеуметтік мекемелерге (қарттар, баспаналар, қайырымдылық шаралары) бару. 	Жыл бойы	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
Мектеппен өзара әрекеттесу жоспары			
	<p>Мектепке дейінгі ұйым мен мектептің өзара іс-қимылының бірлескен жоспарын келісу жөніндегі кеңес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім беру және тәрбие жұмысындағы сабақтастық бағыттарын анықтау; - балаларды бастауыш мектепте оқуға дайындау жөніндегі іс-шараларды келісу; - мектепке дейінгі және бастауыш сынып педагогтері арасында рөлдер мен жауапкершілікті бөлу; - ата-аналар үшін бірлескен ашық іс-шаралар, экскурсиялар, консультациялар ұйымдастыру. 	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер

<p>Мектеп және мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Оқыту мен тәрбиелеудегі сабақтастық: өзара әрекеттесудің тиімді нысандары» дөңгелек үстелі.</p> <p>Іс-шара аясында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бастауыш сынып мұғалімдері мен тәрбиешілер арасында тәжірибе алмасу; - балаларды мектепте оқуға дайындаудың қиындықтары мен табысты тәжірибелерін талқылау; - оқу мотивациясын қалыптастыру және болашақ бірінші сынып оқушыларын бейімдеу тәсілдерін үйлестіру. 	<p>Қазан</p>	<p>Меңгеруші, әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері</p>
<p>Баланы мектепке дайындау және оны бірінші сыныпта бейімдеу кезеңінде отбасының эмоционалды жағдайын анықтау мақсатында ата-аналардан сауалнама алу.</p>	<p>Ақпан</p>	<p>Тәрбиешілер</p>
<p>Бағдарламаның негізгі бөлімдері бойынша мектепалды топ балаларына диагностика жүргізу нәтижелерін талдау және педагогтермен бірлесіп талқылау.</p>	<p>Сәуір – мамыр</p>	<p>Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер</p>
<p>Сабақтастық және балаларды мектепке дайындау мәселелерін талқылау үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен ата-аналар жиналысын өткізу.</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Меңгеруші</p>

**Психологиялық қызметтің 2025-2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

	Жоспарланған іс- шаралар	Мерзімі	Жауапты
Диагностикалық жұмыстар			
1.	2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың бейімделу кезеңін анықтайтын Е.О.Севостьянова әдістемесі бойынша сауалнама	Қыркүйек айы	Психолог
2.	Жаңадан келген тәрбиеленушілердің бейімделу кезеңінің барысын талдау	Қыркүйек-қазан	Психолог
3.	Ересек және мектепалды даярлық тобы балаларының танымдық үрдістерінің даму деңгейі (Забранова С.Д., Иванова А.Я.)	Желтоқсан айы 2 апта	психолог
4.	Орта топ алаларының өзара қарым-қатынасы (социометрия «Марено» әдісі)	Қараша 2 апта	Психолог
5.	Жаңадан келген балалардың эмоционалдық ауыртпалығының алдын-алу жағдайларын құрастыру. Тренинг «Мен қандаймын?»	Қараша, желтоқсан айлары	Психолог

Психокоррекциялық жұмыстар

Дамыту-түзету жаттығулары			
1.	Балалардың балабақшаға бейімделу	Жыл бойы	Психолог
2.	Орта топ балаларының есте сақтау қабілеттерін дамыту бойынша ұйымдастырылатын ойындар	Апта сайын Қаз	Психолог
3.	Мектеп жасына дейінгі балалармен түзету – дамыту жұмыстарын жүргізудегі құм терапиясының тиімділігі (орта және ересектер тобы).	Қараша айы 4 апта	Психолог

4.	Топтағы психологиялық климат: Балалардың оқшаулану себептерін анықтау мәселелері	Әр айдың 3 аптасы Қантар	Психолог
5.	Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктері	Апта сайын Наурыз	Психолог

Педагог- тәрбиешілермен жүргізілетін жұмыстар

Диагностика			
1.	«Өзін-өзі бағалау» сауалнамасы бойынша (Реан сауалнамасы)	Қазан	Психолог
2.	Педагог кадрлардың педагогикалық және психологиялық шеберлігі.	Қантар	Психолог
Ата- аналармен жұмыс			
1.	Балалардың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері жайында тәрбиешілерге, ата-аналарға кеңес беру	Қазан	Психолог
2.	«Менің бақытты отбасым» атты ата-аналармен тренинг	Ақпан	Психолог
3.	«Балалардың агрессиясының себебі» ата-аналарға кеңес беру.	Наурыз	Психолог
4.	Ата- ананың баланың жан- жақты дамып қалыптасуының кепілі (кеңес)	Жыл көлемінде Қараша	Психолог

Психологиялық ағарту жұмыстары

1.	Е.О.Севостьянова әдістемесі негізінде «Мектеп жасына дейінгі балалардың бейімделуі жайлы» сауалнама нәтижесі бойынша педагог-тәрбиешілерге кеңес.	Қазан	Психолог
2.	Педагог кадрлардың педагогикалық және психологиялық шеберлігі. (Тренинг)	Қантар	Психолог
3.	Мектепке дейінгі оқу- тәрбие процесінде педагог-тәрбиешінің танымдық және кәсіби шеберлігін қалыптастыру. (кеңес)	Сәуір	Психолог
4.	Ересек тобы мен мектепке даярлығының балаларының кейбір психологиялық аспектілері	Мамыр	Психолог

Әдістемелік ұйымдастыру жұмыстары

1.	Әдістемелік кеңеске қатысу	Жоспарға сай	Психолог
2.	Педагогикалық кеңеске қатысу	Жоспарға сай	Психолог
3.	Мектепке дейінгі мекемелердің психологтарымен іс-тәжірибе алмасу	Қараша Сәуір	Психолог
4.	Өздік білім жетілдіру	Жыл көлемінде	Психолог